

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы Жануарлар саушылығы саласындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 20 ақпандағы N 237

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1995 жылы 15 тамызда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы жануарлар саушылығы
саласындағы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы жануарлар саушылығы саласындағы КЕЛІСІМ

(1997 жылғы 3 маусымда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі
мен Т ү р і к Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і,
жануарлар саушылығы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, өз елдерінде
жануарлардың қажетті жай-күйін қолдау және жұқпалы, паразитарлық ауруларға
шалдығу қауіпін азайту мақсатында,
екі мемлекет арасындағы қатынастарды, достық пен ынтымақтастықты дамыту
және жалғастыру тілегін басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар жануарларды, олардың шикізаттары мен өнімдерін,
сондай-ақ жұқпалы аурулар көзі есебіндегі объектілерді импорттау, экспорттау және
транзиттеу нәтижесінде пайда болатын эпизоотиялық аурулардан өз елдерінің аумағын
қорғау саласында ынтымақтасатын болады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті министрліктері тірі жануарларды, олардың
өнімдерін және шекарадағы мал дәрігерлік қызметтің тексеруіне ұшырайтын басқа да
тауарларды экспорттау, импорттау және транзиттеу жөніндегі мал дәрігерлік
талаптарды белгілеу мақсатында бірлескен хаттама жасайды.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар тірі жануарларды және олардың өнімдерін экспортқа шығару кезінде пайдаланылатын мал дәрігерлік сертификаттарды белгілейді. Беделді ресми мал дәрігерлік қызметтер экспорт/импорт үшін мал дәрігерлік сертификаттар беруге жауапты болып табылады.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар жануарларды өсіру және оларды сойып, етін сату кезіндегі мал дәрігерлік талаптар бойынша бірлескен хаттама жасайды.

5-бап

Уағдаласушы Тараптар өз елдері аумағында аурулар пайда болғаны туралы бір-біріне дереу хабарлауға міндетті.

6-бап

Уағдаласушы Тараптардың мал дәрігерлік қызметтері:

а) ел аумағында пайда болған эпизоотиялық індеттер, атап айтқанда, індетке шалдыққан жануарлардың жеке организмдері, саны, аурудың пайда болған жері, диагнозы туралы тез хабарлау, аусыл ауруы шыққан жағдайда анықталған вирус түрі мен ауруды жою жөніндегі қолға алынып жатқан шараларды хабарлау;

б) ай сайын Халықаралық эпизоотиялық бюроның "А" тобындағы жұқпалы аурулар туралы статистикалық ақпараттар бюллетенін алмасуды өз міндеттеріне алады.

Аумағында осы баптың "а" тармағында келтірілген індеттер орны бар Уағдаласушы Тарап ауру қоздырғышының зардаптылық қасиеттері туралы мәліметтерді екінші Уағдаласушы Тарапқа беруге міндетті.

Уағдаласушы Тараптардың мал дәрігерлік қызметтері көрші мемлекеттер хабарлаған аурулардың таралуын болдырмау жөнінде қолға алынып жатқан шаралар туралы бір-біріне хабарлауы тиіс.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің 4-бабына сәйкес хаттамаға енгізілген ауруларды таратуы мүмкін деп есептелетін жануарларды, олардың шикізаттары мен өнімдерін өзара экспортқа шығаруды тоқтатуға міндеттенеді.

8-бап

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары өзара экспортқа шығарылатын жануарлардың, азық-түліктердің және жануарлар өнімдерінің барлық қажетті тексерістерін, әсіресе жануарлар саушылығына қауіп туғызатын дәрілерді, пестицидтерді, гормондарды, токсиндер мен басқа да агенттерді анықтау жөніндегі тексерістерді осы Келісімнің 1-бабындағы жағдайларға сәйкес белгіленетін төзімділік деңгейін ескере отырып жүргізетін болады.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар мал дәрігерлік зерттеулер мен мал дәрігерлік шаралар с а л а с ы н д а :

- а) тәжірибе және білім алмасу;
- б) мамандандырылған институттармен және мамандандырылған ұйымдармен ы н т ы м а қ т а с у ;
- в) осы Келісімнің 11-бабына сәйкес ақпараттар алмасу және мамандар мен зерттеушілер сапарларын ұйымдастыру;
- г) мал дәрігерлігі жөніндегі журналдар мен басқа да жарияланымдарды алмасу;
- д) мал дәрігерлік қызмет пен ресми құжаттар бойынша ақпараттар алмасуды ұйымдастыру жолымен ынтымақтасатын болады.

10-бап

Уағдаласушы Тараптардың мал дәрігерлік қызметтері осы Келісімге сәйкес жануарлар саушылығына қатысты барлық мәселелер бойынша тікелей байланыстар орнататын болады.

11-бап

Осы Келісімді орындау барысында әрбір Уағдаласушы Тарап төмендегідей ш ы ғ ы н д а р д ы к ө т е р е д і :

- а) мал дәрігерлік журналдарды алмасу кезінде барлық шығындарды жіберуші Тарап к ө т е р е д і ;
- б) мамандар мен зерттеуші қызметкерлерді шақыру кезінде барлық шығындарды қабылдаушы Т а р а п к ө т е р е д і ;
- в) семинарлар және басқа да ғылыми шараларды өткізу кезіндегі көлік шығындарын жіберуші Тарап, ал орналастыру, тағы басқа шығындарды қабылдаушы Тарап көтереді;
- г) осы Келісімнің 9-бабындағы жағдайларды жүзеге асыру кезіндегі көлік шығындарын жіберуші Тарап, ал орналастыру, тағы басқа шығындарды қабылдаушы Тарап көтереді.

12-бап

Осы Келісімге байланысты туған барлық келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен және Уағдаласушы Тараптар құрған бірлескен комиссиялар арқылы шешіледі .

Аталған комиссияларға әр Тараптан үш өкіл енеді. Олар Уағдаласушы Тараптардың бірінен қуыным түскеннен кейін 30 күннен кешіктірілмей тексеруді бастайды. Әрбір Уағдаласушы Тарап мүшесі комиссияға төрағалық етеді.

13-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың басқа халықаралық шарттары мен келісімдері жөніндегі құқықтары мен міндеттемелеріне қолданылмайды.

14-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың келісуімен толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың Келісімнің күшіне енуіне қажетті тиісті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуын растайтын жазбаша хабарлауды алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады, егер Уағдаласушы Тараптардың бірі оны бұзу туралы осы мерзімнің бітуіне кемінде алты ай қалғанда екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарландырмаса, онда осы Келісімнің мерзімі келесі бесжылдық мерзімге ө з і н е н - ө з і ұ з а р т ы л а д ы .

1995 жылы 15 тамызда әрқайсысы қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтін бірдей күшке ие.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түркия Республикасының
Үкіметі үшін